ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 наурыз Іс №1912-24-00-2/359 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«№1 Ақши ауылдық Мәдениет үйі» МКҚК филиалы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Алтын тауық» атынан Казенова Гаухар Сарсембаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі - Р.Төлеутай
Жауапкер Казенова Г.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 13 желтоқсанда талап қоюшы және жауапкер арасында ғимараты ішінде жылыту жүйесін жөндеу және соған байланысты жұмыстарды жүргізу мақсатында №11 келісісм шарт жасалған.

Осы келісісм шарттың қосымшасына сәйкес жауапкер тауарларды жеткізу, жұмыстарды орныдау келісісм шартқа қол қойлған күнінен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде өз жұмысын орындауға тиіс болған.

Алайда бүгінгі күнге дейін жауапкер тарапынан жұмыс жаасалмады.

Шарттың жалпы құны 7 770 000 теңге.

Талап қоюшының өкілі сотта талап қою арызын нақтылылап, жауапкерды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануды сұрады.

Жауапкер сотта талап қоюмен келіспей, көрсетілген жұмыстарының жалпы ақшасы төмен болуына байланысты, ұмсы жасаудан бас тарты. Осыған байланысты, және оның алты баласы барын ескее отырып соттан жосықсыз қатысушысынан бас тарту өтініш білдірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесттік кодекстің /әрі қарай АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындалған жоқ.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Шарта көрсетілген жұмыстың сомасы ғимаратың ішінде жылыту жүйесіне жетпийтын туралы жауапкердің уәждері негісіз. Шартта көрсетілген жұмыстарың белгілінген соммаға жасауда қажет болған.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаб қою арызын қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден жергілікті бюджетке өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 11.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2024, судья Байбутаев Е. Д., 19.04.2024

Талап қоюшы «№1 Ақши ауылдық Мәдениет үйі» МКҚК филиалы жауапкер «Алтын тауық» жеке кәсіпкер атынан Казенова Гаухар Сарсембаевна - мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Алтын тауық» жеке кәсіпкер атынан Казенова Гаухар Сарсембаевнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«Алтын тауық» жеке кәсіпкер Казенова Гаухар Сарсембаевнаның атынан жеркелікті бюджетке, яғни мемлекет пайдасына сот шығындарын 1 846 /бір мың сегіз жүз қырық алты/ теңге көлемінде өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 11.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2024, судья Байбутаев Е. Д., 19.04.2024